

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы _____

Топ: ерте жас топ

Балалардың жасы: 1 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 27.05 - 31.05.2024ж.

Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сұзгі: балалардың терісін, дене қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа занды өкілдерімен кеңес, әнгімелесу	Ата-аналардың баласының балабақшадағы тәртібі, білімі, денсаулығы жайлы сұрақтарына жауап беру.				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті оыйндары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған оыйншықтарды өз еркімен алғып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін оыйншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; таңдау себебін ("маган ұнайды"), ойнамау себебін айтуға үрету ("ойнап болдым").	"Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың сүкүйғышты ұстап, өздігінен суаруды қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату.	"Аквариумга күтім" Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шакыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	"Үстел үсті ойыны" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренін шанын сұрту және оыйннан кейін заттарды орнына салудың үлгісін көрсету;	"Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінін үлгісін көрсету; колдарын өздері сабындал, су ағымы астына ұстаян қадағалау; колды сұлғымен сұртуді көрсету; тазалықты сактау қажеттілігі туралы түсіндіру.
---	---	---	---	---	---

<p>"Пирамиданы құрастыр" үстел ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды пирамиданы үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; сақиналарды (немесе қағаз сопакшаларын) көлемдері бойынша ажыратуда жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.</p> <p>Педагог әрбір балаға көлемі түрлі сақиналар мен пирамида діндегін немесе қатпа қағаздан қылған, көлемі және түсі әртүрлі сопақша кескіндерін табақшага салып қояды.</p> <p>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар, педагогке ілесіп.</p>	<p>Музыкалық-ырғақты жаттығуы.</p> <p>Бойды бүкпей тік ұста, Еркін тұрыштыныста.</p> <p>Жай оң қолды он жаққа, Жай сол қолды сол жаққа.</p> <p>Екі қолды белге ұста.</p> <p>Алға қарай бір адым, Артқа қарай бір адым.</p> <p>Қос аяқтан топ – топ, Алақанды сок – сок. (музыка, дене шынықтыру)</p>	<p>«Түймедак» саусак жаттығуы</p> <p>Шаршағанда ырғалып, (балалар орындарынан тұрып, жаймен тербеліп тұрады)</p> <p>Гүлге ұқсан дем алам (отырады)</p> <p>Қанатымды бір қағып (қолдарын жоғары көтереді)</p> <p>Түймедақтай болып жайқалам (қолдарын жоғары көтереді)</p> <p>(сөйлеуді дамыту, сенсорика)</p>	<p>"Қайдасың? Кү-ку!" ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды педагог немесе басқа аталған объектіге назар аударуға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.</p> <p>Тәрбиеші "ку-ку" дейді де, орамалдың артына тығызып қалады. Балалар біраз уақыт қарал, күтеді. Тәрбиешінің міндеті: балалардың назарын орамалмен мүмкіндігінше ұзак ұстая. Біраз уақыт ештеңе болмайды. Балалар апайларын күтеді, өйткені орамалдың артынан шығады деп, күтіп отырады. Тәрбиеші пайда болған кезде, ол балаларды шақырады. Сол кезде балалар</p>	<p>Саусактарға арналған жаттығу.</p> <p>Максат-міндеттер: балалардың ұсақ кол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.</p> <p>Бала, бала, балакан, Қане, қайсы алакан. Саусактарың әйбат, Былай, былай ойнап.</p> <p>(Саусактарын арыбері айналдырады) (сөйлеуді дамыту)</p>
--	--	---	--	--

Ертеңгілік жаттығу	<p>«Секірейік, секірейік!» жаттығуы</p> <p>Балалардың сөйлеу, есте сақтау қабілетін дамыту, жағымды эмоцияларды ояту.</p> <p>1 дегенде -тұрайық, 2 – алақанды соғайық, 3 дегенде- секірейік, Оң жаққа бұрылыш, Сол жаққа бұрылыш, Бір отырыш, бір тұрыш, Біз секіріп алайық алайық. 4- дегенде асықпай, Орнымызды табайық. (дene шынықтыру)</p>
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Тамақтану рәсіміне қызығушылық тудыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)</p> <p>Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>

Үйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларга эмоционалды жағымды көңіл-күй мен үйымдастырылған іс- әрекеттің мотивациялық дайындықты кальпастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жадырап, Судай таза көңілмен, Бүгінгі күнімізді бастайық. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың жағымды көңіл- күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсендеге дұбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Жазды қарсы алайық, Аулаға шығайық, Бір-бірімізді қолпаштаң, Дос болайық. және көркем әдебиет)</p>	<p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың жағымды көңіл- күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсендеге дұбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Біз құлпырамыз жаздың ғұліндей, Күлімдейміз жарық күніндей. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>"Топ-топ басайық" оыйны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды еліктеу әрекеттерін орындауға үйрету. Қолдарынан ұстап, шенбер бойымен жүргізу, басында баяу, біртіндеп тез жүргізу. Топ, топ, топ басайық.</p> <p>Жалаудан күн жасайық. Жаса, жаса алтын күн, Жаса, жаса жарқын күн! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Жалауша" оыйны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды тындауға, өз есімдеріне жауап беруге үйрету. Балалар шенберде жасап тұрады, ортасында бір бала жалаушамен тұрады. Тәрбиеші балаларды шенбер бойымен жүргізеді. Балалар шенберде тұрамыз, Арман ортага шығыш жалаушаны ала ғой, Арман жалаушаны кімге бересің, Алua жалаушаны ала ғой. Алua ортага шығады. Балалар шенбер бойымен жүреді. Аты аталған бала ортага шығады. Ойын жалғаса береді. (сөйлеуді дамыту)</p>
---	---	--	---	---	--

Мектепке дейінгі үйым кестесі бойынша үйымдастырылған іс-әрекет	Жазғы демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	Жазғы демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	Жазғы демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	Жазғы демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	Жазғы демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)
2- таңғы ас	Тагамның атауын есте сақтауга, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сойлеуді дамыту, көркем сөзді қайталай)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалалауыш арқылы табуға үрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуен	<p>Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Ағаштар мен бұталардың тірі екендігі туралы білімдерін кеңейту үшін көктемде ыстықтан бүршіктер оянады, жапырақтар гүлдейді.</p> <p>Сырғалы қайың, ақ қайың,</p> <p>Балтайын, күтіп, сақтайын.</p> <p>Басқа ағашпен арасынан арасынан.</p> <p>Жайқалады қарағаш «Допты қағып ал» кимылды ойыны (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Допты екі қолмен төмөннен белгілі бір бағытта лақтыруды үйрету; зейінді</p>	<p>Бақылау «Көктемгі жаңбыр».</p> <p>(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Коршаған табиғат туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру, көктемде балалардың табиғат құбылыстары туралы ойлары мен білімдерін кеңейту.</p> <p>Педагог жаңбырдың әр түрлі болатынын айтады: нөсерлі, сирек, жазғы, күзгі, көктемгі. Балаларға айырмашылықты түсіндіреді.</p> <p>Жаңбыр-жаңбыр жауады,</p> <p>Тамшылары тамады, Ойнап, ойнап, аламыз,</p> <p>Ойын сауық саламыз!</p> <p>Күн мен жаңбыр" кимыл-қозғалыс</p>	<p>Құстарды бақылау.</p> <p>(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың құстарға қамқор болуға деген күштартырын күшейту; олардың әдептері мен ерекшеліктерін зерттеу.</p> <p>Aғашты алаңға шығарып, оны қалың қарға жабыстыру,</p> <p>оны тығыз ұстау үшін сумен толтыру.</p> <p>Балаларды аспанда күн бар-жоғын қарату. Жазда күн жарқырайды, аспан ашық. Балалар барлығы женіл киім киеді.</p> <p>Ересектің көмегімен атқарылатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</p> <p>құмды құмсалғышқа жинау.</p> <p>Мақсаты: құм</p>	<p>Бақбак ғулін бақылау (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсаты: балаларды бақбак ғулімен таныстыру, оны карау; гүлдерге қызығушылық тудыру.</p> <p>Көркем сез.</p> <p>Үлбіреген бақбак, Үлпілдеген ашпак.</p> <p>Уф! – десем, бақбак, Ұшасың ғой қаптал.</p> <p>Денеге арналған жаттығу.</p> <p>Мақсаты: ересекке еліктең, кимылдарды жасауға машықтандыру, жағымды</p> <p>эмоцияларды дамыту.</p> <p>Шаршаганда ыргалыш, (Балалар орындарынан тұрып, жаймен тербеліп тұрады)</p>
---------------	---	--	--	--

Серуенниен оралу	<p>Серуенниен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сұрту.</p> <p>Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Тамактану рәсіміне қызығушылық тудыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)</p> <p>Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық.</p> <p>Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>
Түскі үйқы	<p>Балалардың тыныш үйықтауына жайлы жағдай жасау. Үйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру.</p>

<p>Біртіндең үйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>Үйқыашар жаттығулары. Керует жаңындағы жаттығулар "Құстар" 1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар канат қағып жатыр». 2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жакқа, сол жакқа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту. 3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді согу, бастапкы қалыпқа келу. 4. "Құстар көнілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. (дene шынықтыру)</p>
<p>Бесін ас</p>	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамактану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сұрту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>

Балалардың дербес әрекеті (аз кимылды, үстел таныстыру, ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Ауладағы құстарды бақылау. (коршаган ортамен таныстыру, сойлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, участкедегі ағаштарға үшіп-қонған құстарды байқауға, олардың кимылдарын анықтауға үйрету. - Балалар-ау, балалар! Шақырады кең дала. Көктем келді гүл алыш, Кұстар келді жыр алыш. Қос білекті сыйбаныш, Жүгірейік қуаныш. Ө.Тұрманжанов "Ұядығы торғайлар" кимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей	Күмді бақылау. (коршаган ортамен таныстыру, сойлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға құрғақ құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату. - Дымқыл құм сазбалшықтай. Қолға алмайсың қалай? Қолға алса, домалатса Болады құм бауыrsaқтай.	Көбелекті (коңызды) бақылау. (коршаган ортамен таныстыру, сойлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды жылдам кимылдауды қалыптастыру. Балаларды жәндіктердің (көбелектің, коңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың үшіп-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машиқтандыру; жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру.	"Дұрыс орналастыр" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жылдам кимылдауды қалыптастыру. Улken корапка текшелер мен шарларды салу. Шарларды бір корапқа, ал екінші корапқа текшелерді салу керек. (сойлеуді дамыту, сенсорика)	"Көнілді саусактар" саусакка арналған жаттыгу. Мақсат-міндеттер: балалардың ұсак кол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Оң қолымда бес саусак (Оң қолының саусактарын көрсету) Сол қолымда бес саусак (Сол қолдың саусактарын көрсету) Бәрін қоссак – он саусак (Екі қолының саусактарын қосу) Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру) Сол аяқпен секіремін (Орында жүру) (сойлеуді дамыту)
---	--	--	---	---	---

Балалармен жеке жұмыс	<p>"Гүлдер" өлеңін оқу. Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер, Қызыл гүлдер, көк гүлдер, Жайнар кезім келді деп, Қанаттарың желбіреп, Таңмен бірге оянып, күн нұрына боянып. Көрік бердің балаға.</p> <p>Тұманбай Молдагалиев. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>Санамак Бір дегенің - бас бармақ, Барлық істі басқармақ. Екі дегенің - балалы үйрек, Ақ қағазға салады ирек. Үш дегенің - ортаң терек, Еңбек етіп, болған зерек. Төрт дегенің - шылдыр шүмек, Тілі тәтті былдыр түлек. Бес дегенің - кішкене бебек, Үлкендерден үрнене бермек. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>"Дон" өлеңін оқу. Доп, доп, доп, доп домалақ, Тыншымайсың домалап.</p> <p>Ас құйып ем күшікке, Улгермеді ішіп те.. Төңкердің де табагын, Төгіл кеттің тамағын. Доп, доп, доп, доп домалақ, Осы әдетің жаман-ақ!</p> <p>Әбіш Кекілбаев. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>"Қолдарымыз қайда?" ойыны (шағын топпен ойнау) Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің сөзін тындауға, ойын мәтініне сәйкес әрекеттерді орындауға үрету. Балалар қолдарын артына жасырады. Тәрбиеші: "Қолдарын қайда? Қолдар жоқ!". Бір уақытта балалар қолдарын алдына созады, ал тәрбиеші таңданып, қуанады: "Міне, олар!". Балалар ойынды бастайды, ойын жалғаса береді.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, сенсорика)</p>	<p>"Пирамида жинау" ойыны (шағын топпен ойнау) Максат-міндеттер: балаларды пирамида жинауга үрету, пирамида сакиналарының түс атауларын есте сактауга ынталандыру. Пирамида кішкентай, 3 сақинадан тұратын алынады.</p> <p>(сенсорика)</p>
Серуенге дайындық	<p>"Киіну-шешіну". Максат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				

Серуен	Түскі уақыттаға серуендеңі бақылауды жалғастыру. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууга дағдыландыру. Жұынну кезінде колдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сұрту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суга қолыңды жу. Жұынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану рәсіміне қызығушылық тудыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау) Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты таусысып алайық. Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар)

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз күмылды, үстел үсті оыйндары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді карау, сипаттау; ертеғілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сойлеуді дамыту, казак тілі, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірдегі, суреттегі заттардың атын атау, ересектер мен құрдастарынан көмек сұрау, өтініш білдіру, еліктеу бойынша жаңа сөздерді, екі- үш сөзден тұратын сөйлемдерді айту, қарапайым сұрақтарға жауап беру.</p>
	<p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Қыс қызығы тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Мақсат-міндеттер. Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым күмылдар орындау: жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету, сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би күмылдарын орындау. Қүмылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Қонырау, сылдырмак, асатаяқ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қатты- ақырын сылдырлату) үйрету. Барабан және ағаш қасықтарды соғып ойнау. Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуга қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызындаиды). Ән айтуда кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айтуда (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау). Әннің әуені мен сөздерін тындау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау.</p>
	<p>Өнер бұрышында қарды, аққаланы мүсіндеу жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</p>
	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.</p>
	<p>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (сенсорика)</p>
	<p>Мақсат-міндеттер. Естуді дамыту үшін әртүрлі дыбыс шығаратын заттардың (коныраулар, аспалы металл таяқшалар, шиқылдайтын ойыншықтар, музыкалық ойыншықтар) дыбысын тындау, қабылдауды дамыту үшін бір мезгілде екі қасиетті: тұс пен өлшемді, пішін мен өлшемді, пішін мен тұсті, негізгі төрт тұсті (қызыл, көк, сары, жасыл) ажырату.</p>
	<p>Табигат бұрышын және қоршаган ортамен танысуға арналған ойындар. (қоршаган ортамен танысу)</p>
	<p>Мақсат-міндеттер. Қоршаган ортадағы жануарларға (лақ, бота, құлыш), құстарға (тауық, үйрек, қаз) қызығушылықты ояту, олардың дене бөліктерін (басы, көздері, құлақтары, құйрығы, аяқтары, қанаттары) табу, дауыстарын салу, қимылдарын бақылау, қимылдарды ойындарда қайталау. Серуенде қауіпсіз мінезд-құлықтың қаралайым ережелерімен таныстыру (өсімдіктерді, бөгде және лас заттарды ұстамау, ауызга салмау, сондай-ак құммен және сумен ойындарда лас суды ішпеу және төкпеу, құмды, топыракты шашпау).</p>

Балалардың үйге қайтуы (ата- аналарга көзес)	Әңгімелесу: "Жаз мезгілін жақсы көреміз бе?".
---	---